

**Ақмола қаласындағы Тың игерушілер Сарайы мен орталық алаңды қайта жаңартуға арналған жобаны таңдау жөніндегі тендерлік комиссияның шешімін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 7 қаңтардағы N 15

Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 24 қыркүйектегі тапсырмасын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Техноарт" (Чехия) фирмасын Ақмола қаласындағы Тың игерушілер Сарайы ғимаратын және орталық алаңды қайта жаңартуға арналған тендердің жеңімпазы деп айқындаған тендерлік комиссияның шешімі мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасының оған Ақмола қаласындағы Тың игерушілер Сарайы ғимаратын және орталық алаңды қайта жаңарту жөніндегі жұмыстарға тапсырысшының функцияларын жүктеу жөніндегі ұсынысына келісім берілсін.

3. Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі Тың игерушілер Сарайын сәулеттік-жоспарлау шешімдеріне, техникалық жарақтандыру және оның ішін көркемдеп-безендіруге қойылатын талаптардың сақталуына бақылау жүргізу кезіндегі консультант болып белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасына аталған

объектілерді қайта жаңартуға "Техноарт" фирмасымен бір апта мерзімде белгіленген тәртіппен контракт жасау ұсынсын.

5. Осы контракт бойынша жұмыстарды қаржыландыру "Жаңа астана" республикалық бюджеттен тыс қорының қаражаты есебінен жүзеге асырылады деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрінің  
бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК